



## Президент жолдауының маңызы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын жасады. Президент жуық арада жүзеге асырылатын ауқымды саяси реформалар мен бірқатар әлеуметтік-экономикалық шараларды жариялады.. Бұл ретте суперпрезиденттік жүйеден мықты Парламенті бар президенттік республикаға көшу мәселе сіне назар аударды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысының өз әкілеттігі кезінде партияға мүше болуын тоқтату міндеттін заннамалық тұрғыдан ресімдеуді, әкімдер мен олардың орынбасарларының партия филиалдарындағы қызметтіне тый-

ым салуды ұсынды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Президенттің жақын туыстарына қатысты нормалы конституциялық тұрғыдан бекіту қажеттігін айтты. Олардың мемлекеттік саяси қызметші және квазимемлекеттік секторда басшы лауазымдарын иеленуіне заннамалық тұрғыдан тыйым салынады. Мемлекет басшысы құқық қорғау институттарын қүшеттүгө, бүкарапалық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайтуға баса мән берді.

**Меруерт Пиртаева,  
Бақдәulet Айтбай,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
колледжі оқытушылары**